Халым Ботаның «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты (қазақ-ағылшын тілдері бойынша) тақырыбындағы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Әр ұлт – өз болмысының авторы деген пікір бар. Сол болмыс - мінез-құлықтың бастапқы көрінісі. Мінез әр ұлт адамының өмірлік бет алысын, тіршіліктегі бағыт-бағдарын, талғам, сенімі, көзқарасы мен мақсат-мұратын айқындайтын фактор.

Әлеуметтік қарым-қатынас түрлерінің бірі ретінде мәдени-ұлтаралық қатысым тіл арқылы жүзеге асырылады, сондықтан жекелеген тілдік бірліктерді ғана емес, сондай-ақ, жалпы тілдік жүйенің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі бар. Әр ұлтқа тән сөйлеу әдебі мен мәдениеті, білім қорында жинақталған салт-дәстүр, әлеуметтік мәртебесі, діни көзқарасы, тұтас менталдық ойлау ерекшеліктері лексико-фразеологиялық қор арқылы танылады.

Қазіргі заманғы антропоцентрлік бағыттағы линвистиканың өзекті мәселелерінің бірі – жаһандану мен ықпалдасу жағдайларында өзінің тілдік коды, мінез-құлық стереотиптері, құндылық мақсаттары, әдет-ғұрпы мен дәстүрі бар әртүрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара әрекеттесу үдерісінде көрінетін «мінез» ерекшелігі туралы проблемаларды қазақ-ағылшын тілдері бойынша анықтау осы ғылыми зерттеу басты нысаны.

«Мінез» концептісі психология, педагогика, философия, мәдениеттану, тіл білімі секілді т.б. ғылым салаларына ортақ, пәнаралық болғандықтан диссертант жұмыстың алғашқы бөлімін өткен ғасырлардан бүгінге дейін жүргізілген педагогика мен психологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарының нақты тұжырымдарын талдаған. Туыс емес екі ұлт тіліндегі жеке адамның мінезі оның этникалық ерекшелігі мен діліне т.б. тән қалыптасса, ұлттық мінез қасиеттері белгілі бір халықтың тарихы мен мәдениетінің тәжірибесінде қалыптасатындығына назар аудартады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісін сипаттайтын лексико-фразеологиялық бірліктер және олардың ерекшеліктері жұмыстың екінші тарауында баяндалады. Жағымды және жағымсыз мінезді сипаттайтын, сондай-ақ, зоонимді компоненттердегі мысалдар жинағын келтіреді және берілген бірнеше кестелердегі нақты мінез сипаттарын беретін лексика-фразеологизмдер тізбектері арқылы тілдік деректердің мазмұнынын нақты талдайды. Адамның әртүрлі жағдайдағы эмоциясына, өзге адамдармен қарым-қатынасына, өзіне деген көзқарасына, адамның сыртқы келбеті мен іс-әрекетіне, сөзіне т.б. сай лексика-фразеологизмдер жасалады. Соның негізінде адам

мінезінің түрлі сипаттары мен ерекшеліктері ашыла түседі деген тұжырым жасайды.

Қазақ және ағылшын мінезіндегі құндылықтар бойынша ерекшеліктер және мінез түрлерінің гендерлік ерекшеліктері, мәдениетаралық қатысымда мінездің дискурстық сипаты жұмыстың үшінші тарауында сөз етіледі. Аталған тақырыптар, мәселен, қазақ халқының мінезіндегі ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторларды талдаған. Бұл ретте, келген мінез сипатының қалыптасуына құндылықтар бастау болады. Ал мінез жеке тұлғаға немесе ұлтқа тән құндылықтарды танытады деген қорытындысы бар.

Ағылшын ұлттық мінезі мен ондағы құндылықтардың қазақ халқындағы секілді тек өзіне тән ерекшеліктері кездеседі. Әсіресе ағылшындардың мінезінде ерекшеліктері олардың консерватизмімен байланыста сипатталады. Ағылшындардың негізгі мінез сипаттары – еңбекқорлық, байсалдылық, достық, ашықтық, тәртіптілік, өз дәстүрлеріне деген бейілділік. Ағылшындардың ұлттық мінезіндегі конформизм мен индивидуализмнің өзара үйлесімі, эксцентристігі мен бірегейлігі халықтың құндылықтарының ерекшелігін байқатады деген диссертант ұстанымы бар.

Туыс емес екі ұлтқа тән мінез сипаттары, олардың ерекшеліктері мен ұқсас тұстарын анықтауда жалпы гендерлік жіктеліс пен мінездің гендерлік ерекшеліктері мәтіндегі мысалдар арқылы талданған. Мінез түрлерін анықтауда ұлттарға тән мәдениетаралық қатысым мәселесі де назардан тыс болмау керек. Себебі әр ұлт ғасырдан-ғасырға өз мәдениетінде түрлі ұлттық мінез бен танымды, менталдық пен дәстүрді қалыптастырып, сақтап келе жатқандықтан олардың өзара мәдени аспектідегі айырмашылықтары мен ұқсастықтары - мәдениатаралық қатысымның басты нысаны. Сондықтан қазақ және ағылшын халықтарының дүниеге көзқарасы мен ұстанымдарының тұрмыстық, көркем, публицистикалық, дипломатиялық дискурстардағы көрінісі және мәдениетаралық қатысымдағы сипаты нақты мысалдармен талданған.

Диссертанттың зерттеу жұмысының мақсатына сай, міндеттері ғылыми талапқа сай толық сараланған. Қорыта келе, докторант Бота Халымның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дайындалған **«Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ-ағылшын тілдері бойынша)** атты диссертациясы толық аяқталған жұмыс деп бағалаймын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры Г.Н. Смағұлова

әл-Фараби атындағы ҚҰ
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«12» 11 2021 ж/г